



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 2168 от 25.09.2025

**Үздік педагог» атағын
беру республикалық
конкурсының II кезеңінің
қорытындысы туралы**

Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 15 шілдедегі №1507 бұйрығына және 2025 жылғы 22 қыркүйектегі хаттамасына сәйкес өткізілген «Үздік педагог» атағын беру конкурсының II кезеңі бойынша конкурстық комиссия шешіміне орай **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Конкурс қорытындысы бойынша комиссия отырысының хаттамасы рәсімделсін.

2. Конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес төмендегі педагогтерге «Үздік педагог» атағын беру қағидаларының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 2 маусымдағы №157 бұйрығының 33-тармағына сәйкес, «Үздік педагог» атағы берілсін және осы Қағиданың 34 -тармағына сәйкес куәліктер табыс етілсін:

- Астана қаласы әкімдігінің «№71 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК математика пәні мұғалімі Жүніс Октябрина Амангельдіқызы;
- Астана қаласы әкімдігінің «Дінмухамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі» ШЖҚ КММ математика пәні мұғалімі Батырбек Қайрат;
- Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Бигожина Бакина Олжабаевна;
- Астана қаласы әкімдігінің «М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК тарих пәні мұғалімі Рахымжан Бағдагүл Рахымжанқызы;
- Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» ШЖҚ МКК арнайы пәндер оқытушысы Айкимбаева Дина Даулетовна;
- Астана қаласы әкімдігінің «Б. Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі Турекенова Аяужан Қайсановна;
- Астана қаласы әкімдігінің «Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ физика пәні мұғалімі Имаков Нурбек Нурланович;

- Астана қаласы әкімдігінің «№97 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК бастауыш сынып мұғалімі Нургазина Айжан Сеитовна;

- Астана қаласы әкімдігінің «№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК химия пәні мұғалімі Оспанова Гульмира Нургазыевна;

- Астана қаласы әкімдігінің «Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ биология пәні мұғалімі Жанасова Куралай Еркеновна.

Астана қаласының Әдістемелік орталығы (С. Дауешова) «Үздік педагог» атағын беру қағидаларының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 бұйрығының 54-тармағына сәйкес, сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-тармағына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар тарапынан заңмен белгіленген мөлшерде сыйақы төлеу жұмыстарын қамтамасыз етсін. Сыйақы жеңімпаздардың жеке ағымдағы шотына бір реттік төлем ретінде аударылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма басшысының орынбасары М. Каирбаева және Әкімшілік бөлімінің басшысы Э. Жакеноваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Қ.Сенгазыев

Согласовано

25.09.2025 15:35 Жакенова Эльмира Дулатбековна

Подписано

25.09.2025 16:42 Сенгазыев Касымхан Сенгазыұлы

[[QRCODE]]